

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 07 ж. « 15 » маусым жүргізілді
№ 1840-1900-А/к (Ш/к)
Бастапқы тіркелген күні
1993 ж. « 1 » шілде

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ
БАНКІ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ЖӘНЕ ҚАРЖЫ
ҰЙЫМДАРЫН РЕТТЕУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ
ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІМЕН КЕЛІСІЛДІ

ТӨРАҒА (ТӨРАҒА ОРЫНБАСАРЫ)
Толмашев
«27» маусым 2011 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 07 ж. « 15 » маусым жүргізілді
БСН 930740000137
Бастапқы тіркелген күні
1993 ж. « 1 » шілде

«РЕСЕЙ ЖИНАҚ БАНКІ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЕНШІЛЕС БАНКІНІҢ
ЖАРҒЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 11 ж. « 5 » қарқуілек
Бұрын 1993 ж. « 1 » шілде тіркелді
№ 1840-1900-А/к (Ш/к)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 11 ж. « 5 » қарқуілек
Бұрын 1993 ж. « 1 » шілде тіркелді
БСН 930740000137

2011 жылғы «19» сәуірдегі «Жинақ банкі» АҚ ЕБ
Акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілді

СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ

1. Жалпы ережелер.

11. «Ресей Жинақ банкі» Акционерлік қоғамы Еншілес банкі (бұдан әрі - «Банк») жеке меншікке негізделген екінші деңгейдегі банк болып табылады.

12. Банктің атауы:

Қазақ тілінде:

Толық: «Ресей Жинақ банкі» Акционерлік қоғамы Еншілес банкі,
Қысқаша: «Жинақ банкі» АҚ ЕБ

Ағылшын тілінде:

Толық: Subsidiary Bank Sberbank of Russia Joint Stock Company,
Қысқаша: SB Sberbank JSC

Орыс тілінде:

Толық: Дочерний Банк Акционерное Общество «Сбербанк России»,
Қысқаша: ДБ АО «Сбербанк»

13. Банк 1993 жылғы 19 наурыздағы Банк құру туралы келісім негізінде құрылған және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен тіркелген (1993 жылғы 01 шілдедегі № 199 Банкті ашуға рұқсат). Банктің атауын "ТЕХАКАВАНК" АҚ-дан «Жинақ банкі» АҚ ЕБ-ге өзгерту 2007 жылғы 13 қаңтардағы Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес жүргізілді.

14. Банк заңды тұлға мәртебесіне ие және өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, сонымен қатар, осы Жарғыға сәйкес атқарады.

15. Банк қызметінің мақсаты Банк акционерлерінің мүдделерінде табыс табу, сонымен қатар, қазақстандық қаржы нарығына халықаралық дәрежедегі банк қызметтерін ұсыну болып табылады.

16. Банк өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Банк өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауапкершілік атқарады. Акционер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Банк қызметімен байланысты шығындар тәуекелін өзіне тиесілі акция құнының шегінде көтереді.

17. Банктің және оның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050010, Медеу ауданы, Гоголь/Қалдаяқов к-сі, 30/26.

18. Банктің қызмет ету мерзімі шектелмеген.

2. Банк қызметінің түрлері.

2.1. Банк қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау бойынша өкілетті органның (бұдан әрі – өкілетті орган) лицензиясы болған кезде келесі банктік операциялардың түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

- 1) заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- 2) жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- 3) банктің және банктік операциялардың жекешеленген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу, оларда аталмыш тұлғаға тиесілі тазартылған бағалы металдар мен бағалы металдардан жасалған монеталардың физикалық саны көрінеді;
- 5) кассалық операциялар: қолма-қол ақшалардың ұсатылуы, айырбасталуы, қайта есептелуі, сұрыпталуы, оралуы мен сақталуымен қоса оларды қабылдау және беру;
- 6) аударым операциялары; заңды және жеке тұлғалардың ақшаларды аудару және төлем бойынша тапсырмаларын орындау;
- 7) есепке алу операциялары; вексельдер мен заңды және жеке тұлғалардың өзге де борыштық міндеттемелерін есепке алу (дисконттау);
- 8) банктік заем операциялары; төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарында ақшалай нысанда кредиттер беру;
- 9) шетелдік валютамен айырбастау операцияларын ұйымдастыру;
- 10) банкноталарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау;
- 11) төлем құжаттарын инкассоға қабылдау (вексельдерді қоспағанда);
- 12) аккредитивті ашу (қою) мен растау және сол бойынша міндеттемелерді атқару;

13) ақшатай нысанда орындауды қарастыратын банктік кепілдер беру;
14) ақшатай нысанда орындауды қарастыратын үшінші тұлғалар үшін банктік кепілдемелер мен басқа да міндеттемелерді беру.
22. Өкілетті органның лицензиясы болғанда Банк келесі операцияларды жүзеге асыруға құқылы:

- 1) Касекті тазартылған бағалы металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобындағы металдар), бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, өсіпке алу, сақтау және сату;
- 2) вексельдермен операциялар: инкассоға вексельдерді қабылдау, төлеушілерге вексельді төлеу бойынша қызметтерді ұсыну, сонымен қатар, делдалдық тәртіпте вексельдер акцептін, дивидендпенген вексельдерді төлеу;
- 3) лизингтік қызметті жүзеге асыру;
- 4) меншікті бағалы қағаздарды шығару (акцияларды қоспағанда);
- 5) факторингтік операциялар: сатып алушыдан төлем жасамау тәуекелін қабылдап тауарларға (жұмыстарды, қызметтерді) төлем жасауын талап ету құқықтарына ие болу;
- 6) форфейтингтік операциялар (форфетирлеу): айналымсыз вексельді сатып алу жолымен сатушыға тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемелерін төлеу;
- 7) сенімгерлік операциялар: ақшаларды, ипотекалық заемдар бойынша талап ету құқықтарын және тазартылған бағалы металдарды сенім білдірушінің мүдделерінде және тапсыруы бойынша басқару;
- 8) сейфтік операциялар: құжаттандырылған нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, құжаттарды және клиенттердің құндылықтарын сақтау бойынша және сейф жәшіктерін, шафтарды және жайларды жалға беруді қоса алғандағы қызметтер.

23. Банк лицензиясы болған жағдайда бағалы қағаздар нарығында келесі кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

- 1) брокерлік - Қазақстан Республикасы және рейтинг агенттіктерінің бірінің номиналды талап етілетін рейтингісіне ие немесе өкілетті органның шешімі бойынша осындай ие емес елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен, олардың базалық активтерін сатып алу тізбесі мен тәртібі өкілетті органмен анықталатын туынды бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарымен;
- 2) дилерлік - Қазақстан Республикасының және рейтинг агенттіктерінің бірінің номиналды талап етілетін рейтингісіне ие немесе өкілетті органның шешімі бойынша осындай ие емес елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен, сонымен қатар, олардың базалық активтерін сатып алу тізбесі мен тәртібі өкілетті органмен анықталатын туынды бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарымен, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы «Қазақстан Республикасының банктері мен банктік қызмет туралы» № 2444 Заңының 8 бабында белгіленген жағдайлардағы басқа да бағалы қағаздармен;
- 3) инвестициялық.

24. Банк, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқалық қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

3. Банк акционерлерінің құқықтары және міндеттері.

30. Банк Акционері құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және Банк Жарлығында қарастырылған тәртіпте Банкті басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтерді алуға;
- 3) Банк қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе Банк Жарғысымен анықталған тәртіпте Банктің қаржылық есебімен танысуға;
- 4) Бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын номиналды ұстаушыдан немесе Банк тіркелушісінен көшірмелерді алуға;
- 5) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысына Банк Директорларының кеңесіне сайлау үшін өтініштерді ұсынуға;
- 6) сол тәртіпте Банк органдарымен қабылданған шешімдерді даулауға;

7) жеке немесе басқа акционерлермен бірлесіп Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан көп пайыздарын иеленген жағдайда, Банктің лауазымдық тұлғаларының Банкке келтірген шығындардың орнын толтыру және Банктің лауазымды тұлғалары мен (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәміле және (немесе) мәміле жасау (жасауға ұсыныстар) туралы шешім қабылдау нәтижесінде олардың алған пайдасын (кірісті) Банкке қайтару туралы талабымен, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 63 және 74 баптарында қарастырылған жағдайларда өз атынан сот органдарына өтініш білдіруіне;

8) банкке, оның қызметі туралы жазбаша сұранымдармен хабарласуға және сұраным Банкке түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) Банк таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігіне;

10) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген тәртіпте оның акцияларында айырбасталатын Банктің акцияларын немесе Банктің басқа бағалы қағаздарын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайлардан басқа, артықшылықпен сатып алуға.

3.2. Банк Акционері міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) он күннің ішінде аталмыш акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына және Банк тіркеушісіне Банк акциялары ұстаушыларының тізілім жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы хабарлауға;

3) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты жарияламауға;

4) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға.

3.3. Ірі акционердің Жарғының 3.1 тармағында көрсетілген құқықтарынан өзге келесідей құқығы бар:

1) Директорлар Кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе сотқа оны шақыру туралы шағым талаппен өтініш жасауға;

2) Директорлар Кеңесіне Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

3) Директорлар Кеңесі мәжілісін шақыруды талап етуге;

4) аудиторлық ұйымның Банкте өз есебінен аудит өткізуін талап етуге.

4. Банктің Жарғылық капиталы.

4.1. Банктің Жарғылық капиталы құрылтайшылардың (дара құрылтайшының) акцияларды номиналды құны бойынша және инвесторлардың Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын орналастыру бағасы бойынша оларды төлеуі арқылы қалыптасады, және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрсетіледі.

4.2. Банк жарияланған акциялардың саны шегінде бір немесе бірнеше орналастырулар арқылы олардың шығарылуы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін өз акцияларын орналастыруға құқылы. Банк акцияларын орналастыру (өткізу), оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру тәсілі мен бағасы туралы шешім Банктің Директорлар Кеңесінің шешімімен белгіленеді.

4.3. Банктің Жарғылық капиталының ұлғаюы Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

5. Акциялар және Банктің басқа бағалы қағаздары.

5.1. Акциялар, оларды шығарған кезде, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы «Қазақстан Республикасының банктері мен банктік қызмет туралы» № 2444 Заңының 16 бабы 2 тармағында белгіленген жағдайлардан басқа кезде, тек ақшалай

төленеді. Акцияларды төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.
5.2. Банк Акционерлері шығарылатын акцияларды оларда бар акцияларға пропорционалды түрде артықшылықпен сатып алу құқығына ие. Бағалы қағаздардың артықшылықпен сатып алуға қоғамның акционерлерінің құқығын тарату тәртібі өкілетті органмен белгіленеді.

5.3. Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте жүзеге асырылады.

5.4. Банк қаражаттарды тарту үшін Банктің Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте облигациялар шығара алады.

5.5. Банктің бағалы қағаздарын шығару Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілім жүйесінде тіркеледі.

5.6. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте айырбасталатын бағалы қағаздарды және туынды бағалы қағаздарды шығара алады.

5.7. Акционерлердің акцияларды және акцияларға айырбасталатын Банктің басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу құқықтарын жүзеге асыру мақсатында, Басқарма акционерлерге бағалы қағаздарды көрсетілген ұсынысты Жарғының 12.1т. көрсетілген мерзімді баспасөз баспаларында жариялау арқылы олардың басымды сатып алу құқығына сәйкес сатып алуды ұсынады.

Мерзімді баспасөз басылымында төмендегі ақпарат көрсетіледі:

- 1) орналастырылатын (өткізілетін) бағалы қағаздардың саны және түрлері;
- 2) орналастырылатын (өткізілетін) бағалы қағаздардың олардың түрлері бойынша санына орналастырылатын (қоғам сатып алғандары шегерілген) акциялар санының қатынасы;
- 3) орналастырылатын (өткізілетін) бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 16 бабы 1 тармағының талаптарын ескере отырып сатып алу шарттары;
- 4) орналастырылатын (өткізілетін) бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) бағасы;
- 5) акционердің орналастырылатын (өткізілетін) бағалы қағаздарды төмендегілерді көрсетіп сатып алуға өтінім бере алатын пошта мекенжайлары;
- 6) осындай пошта мекенжайларының әрқайсысымен Банктің бағалы қағаздарын басымды сатып алу құқығына сәйкес, Банктің акционерлерімен орналастырылатын (өткізілетін) бағалы қағаздарды олардың сатып алу мәселелері бойынша өзара әрекет етуін жүзеге асыратын тұлғалардың тегін, атын (болған кезде - әкесінің атын), байланыс деректемелерін;
- 7) Банктің орналастырылатын (өткізілетін) бағалы қағаздарын андеррайтер немесе эмиссиялық консорциум арқылы орналастырған (өткізген) кезде андеррайтердің (эмиссиялық консорциумның) атауын көрсете отырып.

5.8. Акционер Жарғының 5.7 т. көрсетілген ұсыныс мерзімді баспасөз баспаларында басылған күнінен 30 күнтізбелік күн бойы Банктің бағалы қағаздарын сатып алуға өтінім беруге құқылы.

6. Таза табысты бөлу.

6.1. Банктің таза табысы Банктің меншігі болып табылады және резервті капиталды құру үшін, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес акциялар бойынша дивидендтерді төлеу үшін пайдаланылады. Банктің таза табысын пайдалану тәртібі Банк Акционерлердің жалпы жиналысымен анықталады.

6.2. Банктік қызметті жүзеге асыруға байланысты шығындарды жабу мақсатында, Банк өкілетті органмен белгіленген резервті капиталдың минималды мөлшерінен төмен емес мөлшерде резервті капитал құрады. Банктің резервті капиталы Банктің таза табысынан аудару жолымен қалыптасады. Аударым мөлшері Акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленеді.

6.3. Банк акционерлерге, оларға тиесілі акциялар бойынша тоқсан сайын, жарты жылда бір рет немесе жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер төлей алады. Тоқсанның немесе жарты жылдың қорытындысы бойынша бір акция есебінде төленетін дивидендтер мөлшері

және оны төлеу туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды. Жылдың қорытындысы бойынша бір акция есебінде төленетін дивидендтер мөлшері және оны төлеу туралы шешімді акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы қабылдайды.

6.4. Банк акциялары бойынша дивидендтер, ерекше акциялар бойынша дивиденттерді қоспағанда, дивидендтерді төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында Банктің дауыс беруші акцияларының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданған жағдайда, ақшалай немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді.

7. Банк органдары.

7.1. Банк органдары болып табылады:

- жоғарғы орган- Акционерлердің жалпы жиналысы;
- басқару органы -Директорлар Кеңесі;
- атқарушы орган - Басқарма;
- бақылау органы – ішкі аудит қызметі.

7.2. Директорлар Кеңесі, Басқарма өз қызметтерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Банк акционерлерінің Жалпы жиналысымен оларға берілген өкілеттіктері шегінде орындайды.

8. Акционерлердің жалпы жиналысы.

8.1. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Банк жыл сайын акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің басқалай Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

8.2. Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысында Банктің жылдық қаржылық есебі бекітіледі, өткен қаржылық жыл үшін Банктің таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері анықталады, акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне өтініштері және оларды қарастыру қорытындылары жөніндегі мәселелер қарастырылады. Директорлар Кеңесінің төрағасы акционерлерге Банктің директорлар кеңесінің мүшелеріне және атқарушы органына берілетін сыйақы мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы шешім қабылдануы акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарастыруға құқылы.

8.3. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімде өткізілуі тиіс.

8.4. Акционерлердің жалпы жиналысында тек акционерлер немесе олардың өкілдері ғана қатыса алады. Акционерлердің жалпы жиналысына басқа тұлғалардың қатысуына тек акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі негізінде ғана рұқсат берілуі мүмкін.

8.5. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатқызылады:

- 1) Банк Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар, оның өзгертулері мен толықтыруларын бекіту;
- 3) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акциялары түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің бағалы қағаздардың айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сонымен қатар, оларды өзгерту;
- 6) есептік комиссия өкілеттіктерінің мерзімін және сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Директорлар Кеңесі өкілеттігінің мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, Директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу шарттарын және мөлшерін анықтау;
- 8) Банк аудитын жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды анықтау;

- 9) жылдық қаржылық есепті бекіту;
 - 10) есептік қаржылық жылға Банктің таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына есептегенде жылдың қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 11) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 22 бабы 5 тармағымен қарастырылған жағдайлар басталған кезде қарапайым және ерекше акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 12) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 13) Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау жолымен өзге заңды тұлғалар құруға немесе қызметіне Банктің қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - 14) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру жөнінде акционерлерге Банктің хабарлау нысанын анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
 - 15) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес акциялардың Банк сатып алған кездегі олардың құнын анықтау әдістемесіне (егер құрылтайшы жиналыста бекітілмесе, әдістемені бекіту) өзгертулер бекіту;
 - 16) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 17) акционерлерге Банк қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін анықтау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
 - 18) Директорлар Кеңесінің қызметін және Банктің акционерлер жиналысын өткізу тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
 - 19) олар бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер.
- 8.6. Осы Жарғының 8.5. тармағының 1)-4) тармақшаларында келтірілген мәселелер бойынша шешімдерді Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады, ал қалған мәселелер бойынша шешімдер, егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамы туралы» Заңымен және осы Жарғымен басқасы қарастырылмаса, дауыс беруге қатысушы Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.
- 8.7. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен қарастырылмаса, шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді Банктің басқа органдарына, лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне тапсыруға жол берілмейді. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жатқызылатын мәселелер бойынша Банктің басқа органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
- 8.8. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы:
- 1) Директорлар Кеңесінің;
 - 2) ірі акционердің бастамасымен шақырылады.
- Ерікті түрде таратылу үдерісіндегі Банктің акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын Банктің тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және жүргізуі мүмкін. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын міндетті түрде шақыру жағдайлары қарастырылуы мүмкін.
- 8.9. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді:
- 1) атқарушы орган;
 - 2) онымен жасалған шартқа сәйкес Банк тіркеушісі;
 - 3) Директорлар Кеңесі;
 - 4) Банкті тарату комиссиясы жүзеге асырады.
- 8.10. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығындар Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Банкке жүктеледі.
- 8.11. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын шақыру тәртібін Банк органдары бұзған жағдайда кез келген мүдделі тұлғаның қуынуы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

8.12. Банк акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы, егер Банк органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы оның талаптарын орындамаған жағдайда, Банктің ірі акционерінің қуынуы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

8.13. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі Банк акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесінің деректері негізінде жасалады. Көрсетілген тізімді құру күні Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешімді қабылдаған күннен ерте белгіленбейді.

8.14. Акционерлерге жалпы жиналысты өткізу жөнінде отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - жиналыс өткізілген күнге дейін қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлануы тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы немесе акционерге Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес, оған жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізілуі тиіс. Осы тармақта белгіленген, жоғарыда көрсетілген мерзімдердің есебі бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жарияланған күннен немесе поштамен жөнелтілген күннен бастап жүргізіледі.

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама келесіден тұруы тиіс:

- 1) Банктің толық атауы және атқарушы органының орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін күні, уақыты және өткізілетін орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыты, сонымен қатар, Банк акционерлерінің егер бірінші жиналыс өткізілмесе, өткізілуі тиіс қайталама Жалпы жиналысы өткізілетін күні мен уақыты;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күні;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен Банк акционерлерінің танысу тәртібі.

8.15. Директорлар Кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін жасайды және талқылауға шығарылатын нақты қалыптасқан мәселелердің толық тізімін қамтуы тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін ірі акционер немесе Директорлар Кеңесі толықтыруы мүмкін, Банк акционерлеріне осындай толықтырулар туралы Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірмей хабарлануы шартты. Ашық тәртіпте өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы ашылған кезде Директорлар Кеңесі күн тәртібінің өзгеруі бойынша алған ұсыныстар туралы мәлімдеуге міндетті. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады. Күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар, егер оларды енгізу үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы және Банктің дауыс беруші акцияларының кем дегенде тоқсан бес пайызына ие акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берсе, енгізілуі мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) толықтырылмайды. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

8.16. Акционерлердің жалпы жиналысы, егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін тіркеу аяқталған сәтінде Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы елу және одан көп пайызына (Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу сәтінде дауыс беру құқығына ие) ие акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер (немесе осындай акционерлердің өкілдері) тіркелген болса, күн тәртібіндегі

мәселелерді қарастыруға және сол бойынша шешім қабылдауға құқылы. Өткізілмеген жиналыстың орнына шақырылған акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы, егер: кворумның болмау себебінен өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса; оған қатысу үшін тіркеу аяқталған сәтінде онда Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы қырық және одан көп пайызына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға және сол бойынша шешім қабылдауға құқылы болады.

8.17. Жалпы жиналыс ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі қатысуына және дауыс беруге өкілеттігін растайтын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген өзінің сенімхатын ұсынуы тиіс. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есептелмейді және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы барлық акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген, хабарландырылған және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсы наразылық білдірмеген жағдайды қоспағанда, жарияланған уақыттан ерте ашылмайды. Акционерлердің жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың төрағасын, хатшысын, есеп комиссиясының мүшелерін сайлайды. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс берудің - ашық немесе құпия (бюллетень бойынша) нысанын таңдайды.

8.18. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру осы Жарғының 8.17 тармағында аталған тұлғаларды сайлау мәселесі бойынша дауыс беруді қосқанда, келесі жағдайлардан өзге кезде «Банктің бір акциясы - бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстың максималды санын шектеу;
- 2) Директорлар Кеңесі мүшелерін сайлау кезіндегі кумулятивтік дауыс беру;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір-бір дауыс беру.

Дауыс беру қорытындысы бойынша дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалады, ол Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасымен тігіледі, сондай-ақ дауыс беру туралы мәліметтер Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына енгізіледі. Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру қорытындылары Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күннің ішінде жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлерге жеткізіледі.

8.19. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу жолымен қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), немесе Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдер осы Жарғының 8.13. тармағына сәйкес жасалған акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады). Дауыс беруге арналған бюллетень алушыға Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілген күнге дейін қырық бес күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

8.20. Дауыс беруге арналған бюллетень келесі деректерді қамтуы тиіс:

- 1) Банктің толық атауы және атқарушы органының орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер берілетін соңғы күні;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күні немесе Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күні;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар Кеңесі мүшелерін сайлау туралы мәселелерді қамтитын болса, сайлауға ұсынылған үміткерлердің аты-жөні;
- 7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдамасы;

8) «иә», «қарсы», «қалыс қалды» сөздерімен айқындалатын Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары;

9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру. Дауыс берушінің немесе дауыс беруші заңды тұлға басшысының қолы қойылмаған, сонымен қатар, заңды тұлға акционерінің мөрі басылмаған бюллетень жарамсыз болып саналады.

8.21. Дауыс беруге Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушылары тіркелген сәтте, не шешім Жалпы жиналыс отырысын өткізбей қабылданатын дауыстарды санаған күнгі Банктің алған бюллетеньдер қатысады.

8.22. Шешім Акционерлердің жалпы жиналысы отырысын өткізбей қабылданатын сырттай дауыс беру нәтижелері бойынша дауыстарды санауды есеп комиссиясы жүзеге асырады. Есеп комиссиясы осындай дауыс беру нәтижелері бойынша хаттама жүргізеді және қол қойылады. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беру қорытындылары Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күннің ішінде жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлерге жеткізіледі.

9. Банктің Директорлар Кеңесі.

9.1. Директорлар Кеңесі - Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретін құрайтын мәселелерді шешуді қоспағанда, Банк қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асырушы Банк органы. Банктің Директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Банк қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау, акционерлер жиналысының күн тәртібін анықтау, осы Жарғының 8.4 тармағының талаптарын сақтай отырып, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалатын күнді анықтау;
- 3) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі және бағасы туралы шешімдерді қабылдау;
- 4) орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды Банктің сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешімдер қабылдау;
- 5) Банктің жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
- 6) Банктің туынды бағалы қағаздарын және облигацияларын шығару шарттарын анықтау;
- 7) атқарушы органның өкілеттіктері мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның жетекшісін және мүшелерін сайлау, сонымен қатар, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) атқарушы орган жетекшісінің және мүшелерінің лауазымдық жалақысы мөлшерін және еңбекақы төлемі мен сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 9) ішкі аудит қызметінің өкілеттіктері мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның жетекшісін және мүшелерін тағайындау, сонымен қатар, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйақы мөлшерін және оларды төлеу шарттарын анықтау;
- 10) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттігі мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 11) аудиторлық ұйымның, сонымен қатар, бағалаушының Банктің немесе ірі мәміле мәні болып табылатын акцияларды төлеуге берілген мүліктің нарық құнын бағалау жөніндегі қызметтерінің төлем мөлшерін анықтау;
- 12) Жарғымен, Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен Директорлар Кеңесінің құзыретіне жатқызылған қоғамның ішкі қызметін реттейтін (қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы органның қабылдайтын құжаттарынан басқа) құжаттарды бекіту, операцияларды жүргізудің жалпы шарттары

туралы ережелерді бекіту, оның ішінде банк тәуекелдерін және меншікті капиталды басқару, резервтік капиталды пайдалану жөніндегі құжаттарды, сонымен қатар, аукцион мен Банктің бағалы қағаздарына жазылу жүргізу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі нормативтік құжаттарды, басқа да ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;

13) Банктің филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

14) басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғы капиталына қатысу үлесі) қоғамның сатып алуы туралы шешім қабылдау, сонымен қатар, олардың қызметі мәселелері жөнінде шешім қабылдау;

15) акциялардың Банкке тиесілі он және одан да көп пайызы (жарғы капиталына қатысу үлесі) заңды тұлғаның жалпы акционерлер жиналысының (қатысушыларының) құзыретіне жатқызылған қызмет мәселелері жөнінде шешім қабылдау;

16) меншікті капитал мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын ауқымда Банк міндеттемелерін ұлғайту;

17) Банктің бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда, Банк тіркеушісін таңдау;

18) қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

19) Банк мүдделі болатын ірі мәмілелерді және мәмілелерді жасау туралы шешімдер қабылдау;

20) Банктің Бюджетін, бизнес-жоспарлары және бизнес-жоспарларының орындалуы туралы есептерді бекіту;

21) Директорлар кеңесінің алдын ала мақұлдауы талап етілетін банктік операциялардың және басқа мәмілелердің тізбесін және маңыздылық деңгейін бекіту;

22) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша сырттай (немесе ашық құпия) дауыс беруді жүргізу үшін бюллетеньдер нысанын анықтау;

23) Банктің бухгалтерлік есебі саясатын анықтау;

24) Банк Басқармасы Төрағасының есептерін тыңдау, олардың мерзімділігі, мазмұны және ұсыну тәртібі Банктің Директорлар кеңесімен анықталады;

25) Банк акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын, осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен қарастырылған басқа да мәселелер.

9.2. Осы Жарғының 9.1. тармағымен белгіленген тізбедегі мәселелер шешілуі үшін Басқармаға берілмейді.

9.3. Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында сайланады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте өкілетті органмен келісілуі тиіс, және Банктің Директорлар Кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысымен қайта сайланады. Директорлар Кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

9.4. Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауысын толықтай бір үміткерге беруге немесе оларды Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелігіне бірнеше үміткерлер арасында бөлуге құқылы. Неғұрлым көп дауыс жинаған үміткерлер Банктің Директорлар Кеңесіне сайланды деп есептеледі. Басқарма Төрағасынан басқа оның мүшелері бір мезгілде Директорлар Кеңесінің мүшелері бола алмайды.

Директорлар Кеңесінің Төрағасы Директорлар Кеңесінің сайланған мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен оның мүшелері қатарынан құпия дауыс беру арқылы сайланады. Басқарма Төрағасы бір мезгілде Директорлар Кеңесінің Төрағасы бола алмайды. Директорлар Кеңесі кез келген уақытта Директорлар Кеңесінің Төрағасын қайта сайлауға құқылы.

9.5. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Директорлар Кеңесі мүшелерінің өкілеттіктері кез келген негізде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысының өкілеттіктерді мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімі Директорлар Кеңесінің барлық мүшелеріне де, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің бір немесе бірнеше мүшелеріне де қатысты қабылдануы мүмкін. Директорлар Кеңесі мүшесінің

өкілеттігін оның бастамасы бойынша тоқтату Директорлар Кеңесіне жазбаша хабарлау арқылы кез келген уақытта жүзеге асырылады.

9.6. Төраға Банктің Директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар Кеңесінің отырысын шақырады және оларға төрағалық етеді, отырыстарда хаттама жүргізілуін ұйымдастырады. Банктің Директорлар Кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның қызметтерін Банктің Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

9.7. Банктің Директорлар Кеңесінің отырысы Директорлар Кеңесі Төрағасының өзінің бастамасы бойынша кем дегенде үш айда бір рет немесе Банк Басқармасының не болмаса төмендегілердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
- 2) Банктің ішкі аудит қызметі;
- 3) Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;
- 4) ірі акционер.

